



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

*2022 жылға Қазақстан Республикасындағы орналастыру  
орындарының қызметі туралы*

## Мазмұны

- S. 1 Байланыс деректері
- S. 2. Өзектілік-кіріспе
- S. 3 Метадеректерді жаңарту
- S. 4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S. 5 Өлшем бірлігі
- S. 6 Есепті кезең
- S. 7 Құқықтық негіз
- S. 8. Құпиялылық және деректерді қорғау
- S. 9 Жарияланымдар саясаты
- S. 10 Тарату жиілігі
- S. 11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S. 12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S. 13 Сапаны басқару
- S. 14 Өзектілік
- S. 15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S. 16 Уақытылылық және ұқыптылық
- S. 17 Салыстырмалылық
- S. 18 Келісушілік
- S. 19 Жүктеме
- S. 20 Деректерді қайта қарау
- S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S. 22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті  
Инновациялар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және туризм статистикасы басқармасы

### S.1.3 Байланысатын адамның аты

Темирбекова Асия Жомартқызы

#### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Қарауылова Гулмира Сайлаубекқызы

### S.1.5 Байланысатын адамның пошталық мекенжайы

010000, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

as.temirbekova@aspire.gov.kz

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172) 74-93-29

## S.2 Өзектілік-кіріспе

Туризм статистикасы – қалыптастырылатын, талданатын және жарияланатын туризмнің ағындары мен үрдістері (әлемдік, ұлттық, өңірлік және т.б.) оның құрылымы, туристерді жіберетін және қабылдайтын елдер туралы ақпарат.

Туризм – жеке тұлғалардың уақытша болатын елде (жерде) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін не жиырма төрт сағаттан аз уақытқа созылатын, бірақ түнейтін, ақылы қызметпен байланысты емес мақсаттағы саяхаты.

Туризм типтері:

1) келу туризмі – Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты

тұрмайтын адамдардың Қазақстан Республикасы шегіндегі саяхаты;

2) шығу туризмі – Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардың басқа елге саяхаты;

3) ішкі туризм – Қазақстан Республикасының азаматтары мен оның аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының шегіндегі саяхаты.

Туризм түрлері:

1) қарастырылып отырған елде тұрақты тұратын туристің сол елдің шегіндегі туризмін немесе ішкі туристік сапарын не шығу туристік сапарын қамтитын ішкі туризм;

2) халықаралық туризм (келу туризмі қарастырылып отырған елде тұрмайтын туристің келу туристік сапарының уақытындағы сол елдің шегіндегі туризмін қосатын және шығу туризмі қарастырылып отырған елде тұрақты тұратын туристің сол елдің шегінен тысқары туризмін немесе шығу туристік сапарын немесе ішкі туристік сапарын қосатын).

Ұлттық деңгейде туристік ағындарды анықтауда халықаралық әдіснамаға сәйкес шетел азаматтарының (ҚР азаматтарының) кіруі (шығуы) ҚР ҰҚК Шекара қызметінің деректері, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жөніндегі деректері қолданылады.

Ішкі туризм статистикасын қалыптастыру үшін «Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп» 2-туризм нысаны негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті, «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, ЖАО, жеке және заң тұлғалары негізгі пайдаланушылар болып табылады.

ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросында әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстары өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау және олардың актуалдығы тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады.

3) Кері байланыс Telegram мессенджерінің statgovkz\_bot akkaунты арқылы, сондай-ақ 1446 бірыңғай нөмірі арқылы байланысуға болатын пайдаланушыларды қолдау байланыс орталығы арқылы жүзеге асырылады.

### S.3 Метадеректерді жаңарту

#### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

10.04.2019

#### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

10.04.2019

#### S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

10.04.2019

### S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

#### S.4.1 Деректерді сипаттау

Туризм саласындағы статистикалық байқаудың негізгі көрсеткіштеріне:

- 1) орналастыру орындарының саны;
- 2) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны;
- 3) орналастыру орындарымен көрсетілген қызмет көлемі;
- 4) бөлмелер саны;
- 5) қонақүйлер толтырылымдылығы.

#### S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ӘҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) МНЖ - Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4) КМЖ - Заңды тұлғалардың, өлшемділігі жіктеуіші;
- 5) ӘСЖ - Экономика секторларының жіктеуіші;
- 6) СБТ - Статистикалық бизнес-тіркелім.

Аталған жіктеуіштер ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) интернет-ресурсында Негізгі / «Статистикалық жіктелімдер» бөлімінде орналасқан.

#### S.4.3 Секторлық қамту

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің – «Тұруды ұйымдастыру жөнінде қызмет көрсету» 55-кодына сәйкес негізгі және қосалқы экономикалық қызмет түрлерінен тұратын орынды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер ұсынады.

Статистикалық байқаумен кәсіпорындарды қамтуды қамтамасыз ету үшін және туризм статистикасы деректерінің салыстырымдылығын қамтамасыз ету үшін халықаралық деңгейде Еуропалық қауымдастықтың NACE REV.2, экономикалық қызмет түрлерінің жіктелімі ұлттық деңгейде – экономикалық қызмет түрлерінің номенклатурасы қолданылады.

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

- 1) Респонденттер тобы: Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің – «Тұруды ұйымдастыру жөнінде қызмет көрсету» 55-кодына сәйкес негізгі және қосалқы экономикалық қызмет түрлерінен тұратын орынды ұйымдастыру бойынша қызметті ұсынатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер.

2) Инструментарий: «Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп» (индексі 2-туризм, кезеңділігі тоқсандық) статистикалық нысаны.

3) Байқау типі : жаппай.

4) Респонденттердің ұсыну мерзімі есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне дейін (қоса алғанда).

Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады «Респонденттер үшін/ Статистикалық нысандар».

Нысан соңғы рет 2021 жылы қайта қаралды, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 14 шілдедегі № 8 бұйрығымен бекітілді, «Туризм статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандарын және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығына сәйкес өзгерістер енгізілді. Статистикалық нысан ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) интернет-ресурсында «Респонденттерге» бөлімінде орналастырылған.

Анықтамалар:

1) туристік шығыстар – тұтыну тауарлары мен қызметтерін, сондай-ақ жеке қолдануға немесе туристік сапарға дайындалу кезінде немесе сапар барысында басқа тұлғаларға беруге арналған басқа да құндылықтарды сатып алуға жұмсалатын сома. Оларға туристтердің өздері төлейтін шығындар, сондай-ақ басқа тұлғалармен төленетін немесе өтейтін шығындар кіреді;

- 2) туристік келу – туристік сапар кезінде баратын орында болу;
- 3) туристік сапар – жұмысқа орналасу мақсатын қоспағанда, туристік сапары;
- 4) орналастыру орындары - қонақ үйлер, мотельдер, кемпингтер, туристік базалар, қонақжайлар, демалыс үйлері, пансионаттар және туристердің тұруы мен оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да үйжайлар мен ғимараттар.

#### S.4.5 Статистикалық объект

Статистикалық объект болып Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті, «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар табылады.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігін іріктеу қағидаты)

Туризм статистикасы бойынша зерттеу қызмет түрлері бойынша тоқсандық негізде жаппай әдіспен жүргізіледі. Қажетті жіктелімдік және мекенжай деректері бірліктерінің толық тізбесі бар Статистикалық бизнес тіркелім бас жиынтық анықтау үшін пайдаланылады.

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар

#### S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда 2-туризм бойынша зерттеу 2004 жылдан бастап тоқсан сайынғы негізде жүргізіледі. Тоқсандар бөлінісінде 2004-2022 жылдарға серпінділік қатарлар жүргізіледі.

#### S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең – есепті тоқсанның алдындағы тоқсан.

#### S.5 Өлшем бірлігі

- 1) Орналастыру орындарының саны және бөлмелер саны-бірлік;
- 2) Орналастыру орындары қызмет көрсеткен келушілер саны -адам;



3) Орналастыру орындары көрсеткен қызмет көлемі- мың теңге;

4) Қонақүйлер толтырылымдылығы - %.

## S.6 Есепті кезең

Тоқсан.

## S.7 Құқықтық негіз

### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы, "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы №211 Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағаның м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.
4. Қазақстан Республикасы белгіленген заңнамалық тәртібінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспары.
5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.
6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6388 болып енгізілді.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «16» қыркүйектегі № 212 бұйрығымен бекітілген «Туризм статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме».

9. Деректерді басқару жөніндегі талаптар, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 385/НҚ бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 қазанда № 30186 болып енгізілді.

## S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

### S.8.1 Құпиялылық саясаты

1) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3) Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару принциптері мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың

негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

#### S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

1) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8 бабының 5-тармағына сәйкес ұсынылған деректердің құпиялылығын және қорғалуын қамтамасыз ету.

2) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6388 болып енгізілді.

#### S. 9 Жарияланымдар саясаты

##### S.9.1 Жарияланымдар күнтізбесі

Статистикалық жұмыстардың жоспары және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі «Әділет» ҚР НҚА АҚЖ Эталондық банкінде еркін қолжетімділікте орналастырылған.

##### S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі «Әділет» ҚР НҚА АҚЖ Эталондық банкінде еркін қолжетімділікте орналастырылған. 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19 бабына сәйкес.

##### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) интернет-ресурсында орналастыру арқылы бір мезгілде қолжеткізуге және сапалы әкімшілік

статистикалық ақпаратқа және статистикалық әдістемеге тең құқықтарын қамтамасыз етеді.

#### S.10 Тарату жиілігі

Тоқсан сайын

#### S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

##### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламасы жарияланбайды

##### S.11.2 Жарияланымдар

1) «Қазақстан Республикасындағы орналастыру орындарының қызметі туралы» статистикалық бюллетені ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) интернет-ресурсында «Бизнес статистика» / «Туризм статистикасы» бөлімінде орналастырылған.

2) Негізгі көрсеткіштер және динамикалық кестелер ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) «Бизнес статистика» / «Туризм статистикасы» бөлімінде орналастырылған.

##### S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесі, «Туризм статистикасы» бөлімі.

##### S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған.

##### S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Статистикалық жұмыстардың жоспары бойынша мемлекеттік статистика органдары барлық ресми статистикалық ақпаратты сәйкестендірілмеген нысанда алуға болады.

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес деректер базаларын сәкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларына сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіппен деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалануға жол беріледі.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

#### S.11.5 Өзге де

Қолданылмайды.

#### S.11.5.1 AC2. Метадеректер-кеңестер

Іске асырылмаған.

#### S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

##### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 16 қыркүйектегі № 212 бұйрығымен бекітілген «Туризм статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістемесі» ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) интернет-ресурсында «Әдіснама»/ «Туризм статистикасы» бөлімінде орналастырылған;

2) «Статистика бойынша әдіснамалық ереже 2018 жыл» төртінші басылым толықтыру. ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) интернет-ресурсында «Әдіснама» бөлімінде орналастырылған.

3) Туризм статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар, 2008 жыл ЮНВТО Біріккен Ұлттар Ұйымының статистикалық бөлімінің [unstats.un.org](http://unstats.un.org) Интернет-ресурсында орналастырылған.

4) «Туризм статистикасы бойынша әдістемелік нұсқау», 1.2 басылым, 2012 жылдың қарашасы, Еуростат [ec.europa.eu](http://ec.europa.eu). Интернет-ресурсында орналастырылған.

##### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен

бекітілген «Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі» Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 7 маусымда № 17011 болып тіркелді.

2.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

3.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

### S.13 Сапаны басқару

#### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Туризм статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.
- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық сыныптамасын пайдалану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленді және енгізілді;
- алғашқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңнамамен бекітілді.
- бастапқы статистикалық деректерді ұсынбағаны және анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

#### S.13.2 Сапаны бағалау

Туризм статистикасы бойынша зерттеу нәтижелерін нақтылығы және сенімділігіне қатысты жақсы деп бағалауға болады. Бұл зерттеу жаппай

тәсілмен өткізілетіндіктен, 55 ЭҚЖЖ коды бар мекемелер толығымен зерттеуге қатысады, сонымен қатар зерттеудің сапасын тұрақты бақылау, зерттеу нәтижелерінің нақтылық және сенімділік қамтамасыз етеді.

#### S.14 Өзектілік

##### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті, «KazakhTourism» Ұлттық компаниясы АҚ, ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының Ұлттық шоттар департаменті, статистикалық қызметті қоспағанда, стратегиялық реттеуіш, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар, орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және басқа да мемлекеттік органдар.

##### S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Жыл сайын пайдаланушыларға ресми статистикалық ақпарат бойынша сауалнама жүргізіледі, ол ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) «Сауалнама» / «Пайдаланушылар сауалнамасы» орналастырылған.

##### S.14.3 Толықтығы/R1. Деректердің толықтығы - үлес

#### S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

##### S.15.1 Жалпы дәлдік

Сауалнама жаппай әдіспен жүргізіледі. Деректер тарату коэффициенті мен жете есептеулерді есепке алусыз, бастапқы есептер негізінде жинақталады.

##### S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/A1.

Қызмет түрі бойынша жаппай әдіспен

##### S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

##### S.15.3.1 Қамту қатесі

Қызмет түрі жаппай әдіспен

##### S.15.3.1.1 A2.Қамтуды арттыру-үлес

Қызмет түрі жаппай әдіспен

S.15.3.1.2 А3.Жалпы бірліктер - арақатынас

Қызмет түрі жаппай әдіспен

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4.Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Бұл жағдайда деректерді енгізудің дұрыстығы мен толықтығына форматтық-логикалық бақылау қолданылады.

S.15.3.3.2 А5.Жауап жоқ болу тармағы үлесі

Бұл жағдайда деректерді енгізудің толықтығына форматтық-логикалық бақылау көзделген.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1.Күту кезеңі-алғашқы нәтижелер

Ағымдағы жылға бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес тоқсан сайын жарияланады.

S.16.1.2 TP2.Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Жинау күні – 20.12.2022 ж.

Аяқталу күні - 27.01.2023 ж.

Өңдеу күні – 07.03.2023 ж.

Тарату күні - 31.03.2023 ж

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады. Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, жарияланым мерзімдері бұзылған жоқ.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы



Мәліметтер аймақтардың уақыты бойынша, қызметтің басқа бағыттары бойынша аймақтар арасында салыстырылады.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы-коэффициенті/СС1

Қолданылмайды.

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтығы/СС2

Туризм статистикасы бойынша динамикалық көрсеткіштер 2004 жылдан бастап үзіліссіз және салыстырмалы. 2004-2022 жылдарға уақыт қатарлары бар.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Туризм статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме КАЗСТАТ жобасы (Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) шеңберінде алынған халықаралық ұсынымдарға және Еуростат стандарттарына сәйкес әзірленген. Германия статистикалық офисінің тәжірибесі пайдаланылды.

- ЮНВТО және БҰҰ «Туризм статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар, 2008 ж.»;

- Eurostat «Туризм статистикасы бойынша әдістемелік нұсқау»,  
Осылайша, жіктеуіштер мен статистикалық көрсеткіштердің қабылданған халықаралық стандарттармен салыстырмалылығы қамтамасыз етіледі.

S.18.2 Ішкі келісушілік

Туризм статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме ҚР СЖРА ҰСБ барлық құрылымдық аумақтық бөлімшелерімен келісілген.

S.19 Жүктеме

Жинау және өңдеу процесі «е-Статистика» ИАЖ арқылы толық автоматтандырылған. Деректерді жинау респонденттің қалауы бойынша электрондық түрде және қағаз жеткізгіште жүзеге

асырылады. Онлайн режимде деректерді жинау кезінде респондент үшін автоматтандырылған форматты-логикалық бақылау қарастырылған. Есептерді қағаз жеткізгіште ұсынған кезде нысандарды енгізу «е-Статистика» ИАЖ жүзеге асырылады, осы кезде автоматтандырылған форматты-логикалық бақылау көзделген. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыт 1-2 сағатты құрайды. Басқа зерттеулермен қайталанулар жоқ. Әкімшілік деректер тек деректердің толықтығын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Кіру және шығу туризмі бойынша туристік ағынды анықтау үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің деректерді пайдаланылады. Туризм статистика бойынша деректер тарату коэффициенті мен жете есептеулерді есепке алусыз, бастапқы есептер негізінде жинақталады.

## S.20 Деректерді қайта қарау

### S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

Ресми статистикалық ақпаратты бекіткеннен және жарияланғаннан кейін мәліметтерді қайта қарау жүргізілген жоқ.

## S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

### S.21.1 Бастапқы деректер

- Туризм статистикасы бойынша статистикалық ақпарат «Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп» 2-туризм нысаны бойынша респонденттердің алғашқы есептерінің негізінде қалыптасады.
- Статистикалық байқау жаппай әдіспен жүргізіледі.
- Статистикалық бизнес-тіркелім (СБТ) бас жиынтық ретінде пайдаланылады.
- Халықаралық әдістемеге сәйкес туристік ағынды анықтау кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің шетел азаматтарының (Қазақстан Республикасы азаматтарының) кіруі (шығуы) туралы деректері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман

шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің ерекше қорғалатын табиғи аймақтар бойынша деректері қолданылады.

#### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Тоқсан сайын

#### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Туризм статистикасы бойынша статистикалық нысанды ұсыну қағаз жүзінде немесе электронды түрде жүзеге асырылады.

Статистикалық нысанды электронды түрде толтыру «е-Статистика» ақпараттық жүйесі арқылы «Респондент кабинеті» арқылы жүзеге асырылады.

#### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайтуды және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы статистикалық ақпараттарды электрондық форматта енгізу деңгейінде дұрыстықты тексеру анықталған, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған. Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер, бөлімдер ішінде.

#### S.21.5 Импутация - үлесі /A7

Қолданылмайды.

#### S.21.6 Түзету

Деректерді түзету профилактикалық бақылау жүргізілгеннен кейін тікелей статистикалық байқау барысында жүзеге асырылады.

#### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

#### S.22 Ескерту

Туризм статистикасы бойынша деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.